



Мемлекет басшысы Беларусь Премьер-министрін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Премьер-министрі Александр Турчинді қабылдады.

Кездесуде екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық, өнеркәсіп кооперациясы және мәдени-гуманитарлық ықпалдастық перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Александр Турчиннің Астанаға жасаған алғашқы ресми сапары Қазақстан мен Беларусь арасындағы стратегиялық серіктестіктің айрықша сипа-

тын растайды, сондай-ақ екіжақты ықпалдастықты одан әрі дамытуға ниетті екенін көрсетеді.

«Сіздің сапарыңыз мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан өте маңызды деп санаймыз. Елдеріміздің сауда байланыстары миллиард долларға жуықтап, табысты дамып келеді. Менің білуімше, Қазақстан-Беларусьтің екінші сауда серіктесі. Жалпы, Сіздің еліңіз бен халқыңыздың төл мәдениетіне ерекше құрметпен қараймыз. Орайлы сәтті пайдала-

на отырып, Президент Александр Лукашенкоға сәлемімді жолдағым келеді. Табысты ықпалдастығымызды нақты нәтижелермен жалғастыруға бейілміз», деді Қазақстан Президенті.

Александр Турчин өзара тиімді диалогтың жоғары қарқынын сақтауға және мемлекеттер басшылары алға қойған міндеттерді нақты іске асыруды үйлестіруге мүдделі екенін жеткізді. «Сізге Президент Александр Григорьевич Лукашенконьың ыстық ықыласын жеткізгім келеді. Күні кеше біз кеңінен әңгімелестік, оған Қазақстанға сапарымының бағдарламасы жөнінде жан-жақты ақпарат бердім. Қазақстанның даму жолын жіті бақылап отырамыз.

Ұзақ жылдардан бері еліңіздің экономикалық өсімі тұрақты көрсеткішке ие. Сондықтан қазіргі табыстарыңызға шынайы қуанамыз. Өзіңіз атап өткендей, екі ел арасындағы тауар айналымы өсіп келеді», деді Беларусь Премьер-министрі.

Биыл 8 айдың ішінде өзара сауда көлемі былтырғымен салыстырғанда 20 пайызға артты.

Өнеркәсіп кооперациясы аясында құны 204 миллион доллар болатын 12 жоба жүзеге асты. Тағы 3 жоба пысықталып жатыр.

ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық нығая береді

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астанадағы бағдарламалар кеңсесінің басшысы Алексей Роговпен кездесті.

Палата спикері сұхбаттасушыны Кеңсе басшысы болып тағайындалуымен және аталған қызметке ресми түрде кірісуімен құттықтады. Сон-

ғасы Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылу барысына тоқталды. М.Әшімбаев атап өткендей, өзгерістер Әділетті Қазақстан тұжырымдамасын жүзеге асыруға арналған. Кездесуде палатаның заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау, инклюзия, демократияландыру және Орнықты да-



дай-ақ ол қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа қатысты маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдауда Ұйым Шығыс пен Батыс арасын байланыстыратын «көпір» ретінде үлкен әлеуетке ие екеніне назар аударды. Сенат төрағасы Қазақстан ЕҚЫҰ-мен және оның институттарымен нәтижелі серіктестікті әрдайым жоғары бағалайтынын да атап өтті.

«Қазақстан Парламентінің депутаттары ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының сессияларына, оның комитеттерінің жұмысына және байқау миссияларына белсенді қатысып келеді. Біз ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Бағдарламалар кеңсесімен де нәтижелі жұмыс істейміз. Біздің серіктестігіміз Астана декларациясында бекітілген қауіпсіз қоғамдастық құруды көздейтін ортақ ұстанымға табан тірейді», деп М.Әшімбаев Қазақстан ЕҚЫҰ-мен барлық бағытта өзара ынтымақтастықты әрі қарай дамытуға мүдделі екенін тілге тиек етті.

Сонымен қатар Сенат төра-

му мақсаттарына қол жеткізу салаларын қамтитын заңнамалық қызметіне де баса мән берілді.

Сұхбат барысында тараптар парламентаралық байланыстарды кеңейтудің басым бағыттарын белгілеп, бірлескен жобаларды іске асыру жөнінде пікір алмасты.

Өз кезегінде А.Рогов Қазақстан мен ЕҚЫҰ ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға мүдделі және жоспарланған жобаларды бірлесіп іске асыруға дайын екенін жеткізді. Тараптар Қазақстан Парламенті мен ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің өзара іс-қимыл нәтижелерін де талқылады. Сондай-ақ Кеңсе басшысы трансшекаралық сын-қатерлерге қарсы күрес, қоршаған ортаны қорғау, адами өлшемдерді күшейту және Орнықты даму мақсаттарының күн тәртібі саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелері туралы айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мектеп бағдарламасына жүзу сабақтары енгізіледі

Үкімет отырысында Қазақстанның су спорты түрлері федерациясының бас хатшысы Дмитрий Баландин Қазақстанда мектеп бағдарламасына жүзу сабақтарын енгізу жоспарланып отырғанын хабарлады.

Дмитрий Баландин жүзу бұқаралық спортты дамыту мен халықтың денсаулығын нығайтудың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылатынын атап өтті. Оның айтуынша, жүзуді үйрету— судағы жазатайым оқиғалардың алдын алуда да маңызды рөл атқарады.

«Федерация жүзуді бұқаралық спортты дамыту, халықтың денсаулығын нығайту және судағы қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсаттарын біріктіретін стратегиялық маңызды бағыт ретінде қарастырады», деді Баландин.

Ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйене отырып, 2024 жылы әлем бойынша 236 мыңнан



астам адамның суға батып қаза тапқанын, оның ішінде 82 мыңы 1–14 жас аралығындағы балалар екенін атап өтті.

«Бұл көрсеткіштер халықты жүзудің қарапайым дағдылары мен суда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне үйретудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді», деді федерацияның бас хатшысы.

Дмитрий Баландиннің айтуынша, Білім министрлігімен бірлесіп жүзу сабақтарын дене шынықтыру пәні аясында мектеп бағдарламасына енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Баландиннің айтуынша, бұл бастама халықаралық тәжірибеге негізделген.

«Аталған бастама АҚШ, Аустралия және Венгрия сияқты елдердің үлгісімен жүзеге асырылады. Бұл мемлекеттерде балаларды мектеп жүйесінде жүзуге үйрету көп жылдан бері сәтті енгізіліп келеді», деп қоса кетті Баландин.

Жоба пилоттық форматта 2026 жылы Алматы мен Астана қалаларында іске қосылып, кейін бүкіл ел бойынша кезең-кезеңімен енгізілмек.

Баспасөз-2026

Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар! Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды. «Созақ үні» газетіне жазылу үшін:

«Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға- жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға-3000 теңге.

«Созақ үні» газеті редакциясы.



Индикаторлық көрсеткіштердің орындалу барысы талқыланды

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелер талқыланып, индикаторлық көрсеткіштердің орындалу барысы қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков баяндама жасап, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге тоқталды. Ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнеркәсіп, шағын және орта бизнес, салық түсімдері мен жұмыспен қамту бағыттарындағы жоспарлар-

дың орындалу деңгейін баяндады.

Мәжіліс барысында аудан басшысы әрбір бағыт бойынша нақты талдау жүргізіп, көрсеткіштердің уақытылы әрі сапалы орындалуының маңыздылығын атап өтті. Жауапты бөлім басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне жоспардағы межелердің орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды, кемшіліктерді дер кезінде жоюды тапсырды.

Мәжіліске аудан әкімінің салалық орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары, ауылдық округтер мен кент әкімдері қатысты.

«Халық заңгері» республикалық акциясы

Ауданда азаматтарға тегін құқықтық көмек көрсетуге бағытталған «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы өтті. Ауқымды іс-шараны аудан прокуратурасы ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты—халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтарға құқықтық мәселелер бойын-

Қалапбайұлы мен аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Мұратов арнайы қатысты. Акция жұмысының барысын бақылап, тұрғындармен еркін пікір алмасты.

Шара барысында заңгерлер мен мемлекеттік органдардың өкілдері азаматтарды жеке қабылдап, әртүрлі

қойылды.

Тұрғындарға тегін заңгерлік кеңестер беріліп, өтініштерін тиісті органдарға жолдау бойынша нақты бағыт-бағдар көрсетілді. Келушілер бұл бастаманың өзекті екенін айтып, алғыстарын білдірді.

«Халық заңгері» акциясы Шолаққорған ауылындағы



ша жедел әрі сапалы кеңес беру және қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайту.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов, аудан прокуроры Фалымжан

құқықтық мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Әсіресе жер қатынастары, әлеуметтік көмек, тұрғын үй, кәсіпкерлік, еңбек және отбасы құқығы салаларындағы сұрақтар жиі

«Мыңжылқы» мәдениет үйі мен аудандық орталық ауруханада, Жартытебе ауылдық округі әкімдігінде және Созақ ауылындағы мәдениет үйінде ұйымдастырылды.



«Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне» арналған спорттық сайыс өтті

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен, әлеуметтік сала қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақса-

тында қызықты спорттық жарыс ұйымдастырылды.

Іс-шараны бөлім басшысы Байзақов Дулат Есалыұлы ашып, әлеуметтік салада еңбек етіп жүрген қызметкерлерді кәсіби мерекелері-

мен құттықтап, алғыс хаттармен марапаттады. Сайыс жоғары деңгейде өткізіліп, қатысушылар ұйымшылдық пен спорттық рухты айқын көрсетті. Осындай шаралар ұжымның бірлігін арттырып, сергектік пен көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Сайысқа “Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам” әлеуметтік орталығынан “Тең Қоғам” командасы, “Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар” бөлімінен “Қыран” командасы, “Халыққа әлеуметтік қызмет

көрсететін аудандық аумақтық орталықтан “Энергия” командасы және “Отбасын қолдау орталығынан” “Шаңырақ” командасы белсене атсалысып қатысты.

«Кітапхана-оқырман-ата-ана» атты отбасылық сайыс

Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапханасының меңгерушісі Гүлдария Рыстыбаеваның ұйымдастыруымен «Адал азамат: біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Кітапхана-оқырман-ата-ана» тақырыбында 4–5 сынып оқушылары және ата-аналар арасында сайыс өткізілді.

Сайыстың мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, ата-аналарды балаларының рухани дамуына араластыру, отбасында кітап оқуды насихаттау және мектеп пен ата-ана байланысын нығайту болды. Сай-



ыс 5 кезеңнен тұрды. «Таныстыру» кезеңі—әр отбасы өзін шығармашылық түрде таныстырды, «Кітапты таныстыр» оқырмандар оқыған кітаптары туралы әңгімелеп, үзінді оқыды. Бұл кезеңде «Мақсат» отбасы Б.Майлиннің Шұғаның белгісі шығармасын өте жақсы қорғап шықты, «Кім тапқыр» танымал ақын-жазушылардың, батырлардың портреттері жасырылады. Бұл сайыста «Дәулетияр» отбасы жоғары деңгейде танылды, «Ұшқыр ой» сұрақ-жауап (оқушылармен жұмыс). Бұл айналымда әр топ 10 сұраққа жауап берді. Бұл кезеңде «Бақтияр» отбасы жақсы әрі жылдам жауап беріп, белсенділік танытты, Ата—аналармен жұмыс (сұрақ-жауап). Бұл кезеңде балаңыздың кітап оқуға деген қызығушылығы байқалса не істер едіңіз деген сұраққа «Дархан» отбасы өте ойын әдемі жеткізе білді, баланың жас ерекшелігіне қарай кітап оқуға кеңес берер едім деп айтып өтті. Сайыс барысында ата-аналар мен балалар белсенділік танытып, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Жеңімпаз «Мақсат» отбасы болып танылды және «Дәулетияр» отбасы 1 орынды иеленсе, 2 орынды Бақтияр отбасы иеленді. Ал, 3 орынды «Дархан» отбасы иеленіп, мадақтама қағазымен марапатталды.

Гүлдария РЫСЫБАЕВА,
Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі.

Мемлекеттік бағдарламалар таныстырылды

Созақ аудандық “Жастар ресурстық” орталығы КММ-нің ұйымдастыруымен Жуантөбе ауылдық округінде жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау мақсатында ұнпарақ қағаздары таратылды.

Шара барысында мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша әрбір жастың мүмкіндігі мен құқығы кеңінен түсіндірілді.

Мақсат-жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын арттыру, белсенділігін



күшейту және болашаққа деген сенімін нығайту.

Материалдарда келесі бағыттар қамтылды: “Жастар практикасы”, “Дипломмен—ауылға!”, “Бастау бизнес”, Тұрғын үй және жұмыспен қамту бағдарламалары.

Іс-шараға қатысқан жастар өздерін қызықтырған сұрақтарға нақты жауап алып, пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Осындай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады!

«Созақ үні»-ақпарат.

Ағымдағы аптада Созақ ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында «Заңдық маңызы бар фактіні анықтау», «төлем қабілеттілігін қалпына келтіру», «алаяқтық қылмыстар» және «ерте жүктілік» тақырыптарында аудандық деңгейдегі дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараны аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков ашып, қатысушыларды жиынның мақсат-міндетімен және шараға арнайы қатысып отырған азаматтарды таныстырды. Мұхит Сексенбайұлы өз сөзінде қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың заң алдындағы жауапкершілігін күшейту және әлеуметтік өзекті мәселелердің алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарының маңыздылығына тоқталды.

Әрі қарай дөңгелек үстелде кезегімен сөз алған аудандық сот төрағасы Ақылбек Сергейұлы Дәурен-



Заңдық, әлеуметтік өзекті мәселелер талқыланды

беков «Қайтыс болу фактісін анықтау» тақырыбында баяндама жасап, заңдық тұрғыдан мәні бар жағдайлардың сот арқылы реттелу тәртібін түсіндірді. Тарқатып айтар болсақ, Ақылбек Сергейұлының мәлімдеуінше соңғы 9 айдың қорытындысы бойынша ауданымызда нақ осы қайтыс болған азаматтарға қатысты 20 қылмыстық іс қаралған. Ал, өзге, Бәйдібек және Түлкібас аудандарында бұл тақылеттес бірде-бір іс қаралмапты. Бұл дегеніңіз ол аудандарда өлім-жітім жағдайы орын алып жатқан жоқ деген сөз емес. Әлбетте, «Өмір бар жерде өлім бар» деп, ол аудандарда да қайтыс болу фактілері бар. Тіпті, Түлкібас ауданының халқының біздің аудан халқынан бірнеше есе көптігін алсақ, өлім-жітім мәселесі де бірнеше есе көп болмаса, аз емес екені хақ. Бірақ неге сондай халқының саны көп немесе бізбенен шамалас аудандарда қайтыс болғандарға қатысты 9 айда бірде-бір қылмыстық іс қаралмайды да, біздің ауданымызда 20 іс қаралады. Мұның басты бірнеше себебі бар. Біріншіден, сол қайтыс болғандарды жерлейтін жерді ауыл әкімдіктері қайтыс болған адамның өлімін анықтайтын анықтама қолдарына тигеннен кейін барып берулері керек еді. Екіншке орай, бұл олай болмай тұр. Екіншіден, қайтыс болған кісінің өлімін анықтайтын анықтаманы беруі тиіс: Аудандық аурухананың да АПБ-ның да қызметкерлері бұл жауапкершіліктен қашып, тиесілі анықтаманы деркезінде бере алмай отыр. Нәтижесі де ортада. Ендігі жерде құрметті Мұхит Сексенбайұлы өзіңіздің басшылығыңызбен ауданымызда арнайы мейітхана ашылып, сот сараптамалары бөлімінің басшысы жаңа қызметке келіп отыр. Ендеше, көптің көзінше сұрайықшы бұл кісіден сұрайықшы: «Қайтыс болған адамды сот сараптамалық орталығына қандай жағдайларда өткізу міндеттеледі екен? Осы орайда әңгімеге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабыл Аманбекұлы араласып: «Жігіттер мен бір нәрсені түсінбей отырмын! Сонда ендігі жерде қайтыс болған адамның барлығы дерлік сот сараптамалық орталығынан өтуі міндеттелмекші ме? Айналайын-ау, біз өзінің діні мен дәстүрі, бұрыннан келе жатқан жерлеу рәсімдері жайлы қалыптасқан салт-санасы бар елміз ғой. Сендердің: Әуелі қайтыс болған адамның өлімін анықтау керек, сосын барып, молда шықырып, қабірін қазу керек дегендеріңмен халық келісе ма екен. Оның үстіне менің жасымдағы, менен үлкен қариялар қайтыс болғанда оларды сот сараптамасына сүйреу қаншалықты дұрыс? Олай дейтінім, менің қатарымдағы адамның ауры, диагнозы белгілі болса, арнайы есепте тұрса, оның өлімі сараптамсыз да белгілі емес пе? Бірсөзбен айтқанда, бұдан былайғы жерде биологиялық жағдайда өз өлімімен өлген адамды да сот сараптамасынан өтуді міндеттемексіңдер ме? Оған ертең ақы алатын шығарсыңдар, өзі жақынынан айырылып, қан жұтып отырған елге бұл

ауыр болмай ма? деді. Міне, аудандық сот төрағасы бастап, Қабекен қостап берген сан сауалға Түркістан облысы бойынша сот-сараптамалары институтының Созақ ауданы бойынша бөлімінің басшысы Саидбек Кәрімұлы Кузиев төмендегідей жауап берді: «Құрметті жиынға қатысушылар! Біз бір нәрсенің басын ашып алайық. Жалпы, сот сараптамасынан өтуден қайтыс болған 65 жастан асқан, созылмалы аурулары бар, арнайы есепте тұратын азаматтарымыз босатылады. Ал, туылғанынан соң 1 жасқа дейінгі бала, жүктілік жағдайда, яғни, босану үстінде қайтыс болған әйел кісілер және 65 жасқа дейінгі барша азаматтарымыз сот сараптамасынан өтуге міндетті. Әрине, мұның ішінде 65 жасқа дейінгі азаматтарымыз зорлық-зомбылықпен өлтіріліп, қылмыстық іс орын алған жағдайда ғана сот сараптамасынан өтуі міндетті болады. Осы ретте, сіздерге, аудан тұрғыдарына сот медициналық сараптама орталығының ашылғандығын қайталап хабарлағым келеді. Ал енді, сараптама жүргізу құқық қорғау орындарының қаулысының негізінде жүргізіліп, сол бойынша қорытынды жасалады. Осы қорытынды негізінде ғана медициналық ұйымдардан қайтыс болған адамның өлімін растайтын анықтама алуға болады». Байқап отырғандарыңыздай, бәріміз қоғамымыз үшін басы ашық бір маңызды мәселе қап қойды. Ол 65 жасқа дейінгі қайтыс болған адамның мәйітінің сот сараптамасына баруы тиіс немесе тиіс емес екендігін кім анықтайтындығы. Әрине, мәйіттің денесінде зорлық-зомбылықтың іздері анық көрініп тұрса мәселе басқа. Ал, сырт көзге көрінбей немесе қайтыс болған адамның туыстары тарапынан жасырылған фактілер ше. Бұл жайтты Созақ ауданының прокуроры Құдайқұл Ғалымжан Қапалбайұлы өзі куә болған немесе естіген мынадай фактілермен әдемі түсіндіріп берді. Ғалымжан Қапалбайұлының айтуынша, бір адам қайтыс болып, ағайындары молда шақырып, жуыныдырып, арулап көмгелі жатқанда мәйіттің ауызынан қан шығып кеткен. Дерек медициналық ұйымдар мен құқық қорғау орындарының қызметкерлерін шақырып тексергенде бұл адамның кісі қолынан қайтыс болғаны анықталған. Қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүріп, сот-медициналық сараптама сына жіберіліп, қылмыстың орыны бары дәлелденген. Екінші жағдайда, ағайынды екі азамат бір-бірімен төбелесіп, нәтижесінде бірі өлген. Анасы бір ұлынан өледі айырылса да, екінші ұлынан тірідей айырылғысы келмей, қылмыстың ізін жасырған. Мәйітті дін менен дәстүрге сай жерлеген. Алайда, ағайын-туысы, көрші-қолаңы, ауылдасы бар пыс-пыс әңгіме шығып, құқық қорғау орындарына шағым түскен. Арыз бойынша қабірін ашып, мәйітті сот-медициналық сараптама сына жібергенде мұның да кісі қолынан қаза тапқаны анықталған. Айналып келгенде пендешілкке барып, қылмыстың ізін жамсырмақшы болған

бейбақ ана бәрібір екінші ұлынан да тірідей айырылған. Мінеки, аудандық сот төрағасы Ақылбек Дәуренбеков пен прокурор Ғалымжан Құдайқұлдың айтуынша осындай фактілер өте көп екен. Бұдан бөлек, қайтыс болған адамның атынан өкіметтен ақша алып отыру, кредит пен жақындары арасында мирас бөлуге қатысты фактілер де өте көп көрінеді. Осылардың бәрін айта келе аудан әкімі, сот төрағасы менен прокурор осы жағдайлардың барлығының алдын алу үшін не істеуіміз керек деп, жергілікті медициналық ұйымның, АПБ менен сот-медициналық сот сараптамасы бөлімінің басшыларына сұрақ беріп, тиянақты жауап ала алмады. Осы жайттың бәрін ескере келе аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы, сот төрағасы Ақылбек Сергейұлы мен прокурор Ғалымжан Қапалбайұлы аталған үш ұйымның басшыларына: Жоғарыда айтылған Түлкібас пен Бәйдібек аудандарындағы әріптестеріне хабарласып, пікірлесуге, олардың бұл мәселерді қалай оңтайлы шешіп жатқандықтары жөнінде іздениңдер деп тапсырма берді. Одан бөлек, аудан әкімі де сот төрағасы мен прокурор да бұл мәселені өздері де жан-жақтан сұрастырып, қатаң қадағалауда ұстайтындықтарын мәлімдеді. Демек, басы ашық қалған бұл сұраққа жауап беру үшін алдағы уақытта да дөңгелек үстел өтуі бек мүмкін. Мұнан әрі қарай дөңгелек үстелде аудандық соттың төрағасы Ақылбек Дәуренбеков «Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкрот деп тану» тақырыптарында сөз сөйлеп, азаматтардың қаржылық міндеттемелерін реттеу бойынша құқықтық тетіктерге тоқталды. Ал, аудан прокуроры Ғалымжан Құдайқұл «Алаяқтық қылмыстар және ерте жүктілік» мәселелерін қозғап, қоғамда жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті. Жиын соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, ұсыныстарын білдірді. Іс-шараның негізгі мақсаты-азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы өзекті мәселелердің алдын алу болып табылады деп тарқатты.

Сөз соңында. Дөңгелек үстелде көтерілген мәселелер жайлы сарапшылардың пікірлерінен түйгенім төмендегідей болды:

Құрметті жерлестер! Жоғарыда көтерілген тақырыптардың қай-қайсысы болмасын қоғамымыз үшін өте өзекті екенін, жиын барысынан байқап, күнделікті өмірде БАҚ пенен әлеуметтіктерден көріп, естіп-біліп жүрсіздер. Бірінші, қайтыс болған кісіні жерлеу кезінде мына нәрселерді ескргеніміз жөн екен: Біріншіден, бір жақынымыз қайтыс болайын деп жатса міндетті түрде молда мен қоса аудандық аурухананың қызметкерлерін де шақырып, өлімін медициналық жолмен растатып, құқық қорғау орындарына хабарлап, бұл екі ұйымның және жақанда ашылған аудандық сот-медициналық қызметкерлері келгенде лайықты қарсы алып.

Қайтыс болған адам жайлы барлық ақпараттарды жасырмай, бүкпесіз, шынайы берудіміз керек екен. Әрине, солай жасап жүрміз. Дегенмен, жоғарыда сот төрағасы менен прокурор келтірген деректер жасырылып қалған фактілер барын да көрсетіп берді. Ендеше, барлығы да дін менен дәстүрдің ғана емес, заңның аясында жүзеге асуын қадағалауымыз арқылы қылмыстық істің алдын алатынымызды ұмытпайық, ағайын! Біле жүрейік, қылмысты көпе-көрнеу жасыру да қылмыс. Екінші және үшінші: «Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкрот деп тану» және «Алаяқтық қылмыстар және ерте жүктілік» тақырыптары жөнінде де сарапшыларымыз ойларын ашық айтты. Әсіресе, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы дөңгелек үстелге жиылғандарға көтеріліп отырған мәселелердің заңдық, әлеуметтік

тұрғыдан өте өзекті екенін еске сала отырып, мейлінше ашық диалог құруға шақырды. Сөйлеймін деушілердің бәріне сөз беріп, тіпті, сұрақтармен жетелеп те отырды. Осы ретте, өзінің «ҚазАтомПром» басшысы Юсуповпен жолыққанда ол кісінің: «Мұха білесіз бе, бұл алаяқтықтың шегі жоқ екен. Олай дейтінім, жасанды интеллект арқылы менің жарнамалық бағыттағы бейнеролигімді жасап шығарыпты. Сол себепті де қаншама адамдар алданып қалып жатқан көрінеді. Ал, менің оған түк те қатысым жоқ. Сондықтан азаматтарымыз барынша сақ болулары керек!» депті. Міне, бұл мысал әлеуметтік желілерде: Президент Тоқаевтың, қоғам қайраткері Мұхтар Жәкішевтың және атақты әнші Димаш Құдайберген сынды т.б зиялылардың ЖИ арқылы алаяқтар жасаған бейнероликтерге алданып қалып жатқандықтарына бірден-бір дәлел. Ал енді, «Төлем қабілеттіліктеріңізді қалпына келтіріп береміз және банкрот деп жариялап береміз ден алаяқтарған алданған аңқау халыққа алаяқтықтың үстіне алаяқтық істеп жүргендер мен дропперлер жайлы да күнделікті естіп, көріп-біліп жүрсіздер. Бұл жайында да аудандық сот төрағасы Ақылбек Дәуренбеков дәлелді дәйектер келтіре отырып, кеңінен түсіндіріп берді. Бұл ретте БАҚ пенен әлеуметтік желілер арқылы құқық қорғау орындарының өкілдері күнделікті сақтандырып жатса да, алаяқтардың арбауына түсушілердің саны азаяр емес екен. Сол, алаяқтарға алданып, мүлкінен айырылып жылап жүрген азаматтарымыз керісінше, өздеріне көмек қолын созған құқық қорғау орындарының қызметкерлеріне алаяқ деп қарайтын көрінеді. Міне, өте өкініштісі де осы, ағайын!

Дөңгелек үстелде соңғы көтерілген мәселе «ерте жүктілік» жайын аудан прокуроры Ғалымжан Құдайқұл: «Он алты жасқа дейінгі жасөспірім қызды өз еркімен болса да жыныстық қарым-қатынасқа тартудың өзі қылмыс. Одан былайғысын айтпасам да бәрі түсінікті шығар деп сөзін қорытты.

Дөңгелек үстел ретінде өткен жиынды аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы қортындылады. Белсенділік танытқан барша сарапшыларға алғысын айтты.

Мінеки, бұл мәселелер де өзекті екенін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Ендеше, қосымша табыс табады екенбіз деп, әртүрлі алаяқтардың құрған тұзағына түсіп қалмайық! «Бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық» немесе «Пәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» деген халық даналығы нақ осы біздің заманызда аса өзекті бол тұр ма деймін. Сол себепті де құрметті жерлестерім! Алаяқтықтың қандай түрінен болса да сақ болайық! Кәзір білім аламын, сауат ашамын деген адамға барлық мүмкіншілік бар. Ерінбей, сол алдануға кеткен алтын уақытымызды құқықтық және қаржылық сауатымызды ашуға жұмсайық!

Данияр БЕК,
«Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

Заңмен қорғалған дәстүрлер

Салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдени тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, о дүниеге аттанып кеткенше құндақтау, тербететін алтын бесігі іспеттес. Уақыт өзгерген сайын кейбір дәстүрлердің заңмен реттелуі қажеттілікке айналды. Дәстүрлер ұлттың тәрбиелік, адамгершілік және қоғамдық құндылықтарын қалыптастырады. Алайда кейбір дәстүрлер заңдық реттеуді талап етеді, себебі олардың кейбір аспектілері қазіргі құқықтық нормаларға қайшы келеді. Қоғамда әділдік пен құқық үстемдігін сақтау үшін кейбір салт-дәстүрлердің шекараларын заңмен айқындау қажеттілігі туындайды.

1. Қыз алып қашу. Қазақ халқының көнеден келе жатқан дәстүрлерінің бірі. Бұл салттың түпкі мәні екі жас арасындағы махаббат пен келісімге негізделген деп саналады. Дегенмен қазіргі заманда бұл дәстүрдің орындалу тәсілдері өзгеріп, кейде адам құқықтарын бұзатын, заңға қайшы әрекетке айналып отыр. Қыз алып қашу дәстүрі бұрын ата-ананың келісімінсіз үйлену мүмкін болмаған жағдайда қолданылған. Бұл әдіс жастардың махаббат сезімін заңдастыру жолы ретінде қарастырылды. Көп жағдайда қыздың келісімі алынатын, ал кейінірек бұл салт қыз бен жігіттің отбасыларын мәмілеге келтіру үшін қолданылған. Орта Азия елдері, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Кавказ аймақтарында кездесетін ортақ құбылыс – «Қыз алып қашу» дәстүрі әлі күнге дейін орын алып келеді. Бұл оқиға көбінесе қыздың өз еркімен немесе еркінен тыс болып жатады. Әр түрлі кезеңдерде қызды алып қашу «салт-дәстүр» ретінде қарастырылып, үйлі болудың бір тәсілі болған.

Егер қыздың келісімінсіз немесе ұрлық жолымен қызды алып қашу жағдайы болса, бұл қазақтар үшін Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағында қатаң жазалауға әкелген. Мұндай жағдайларда ауыр айыппұлдардан бастап, өлім жазасына дейін түрлі жазалар қарастырылған. Бұл үрдіс өткен ғасырда ауылдардың ақсақалдарымен реттеліп, қоғамның қажеттілігіне сәйкес өмір сүрген.

Қазіргі таңда «Қыз алып қашу» дәстүр емес, заңға қайшы әрекет ретінде қарастырылып, қыздың еркінен тыс алып қашу адам ұрлау немесе жеке бас еркіндігін шектеу ретінде қаралады. ҚР Қылмыстық Кодексіне сәйкес, мұндай әрекетке 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Қоғамда қыз алып қашуға қатысты көзқарастар әртүрлі. Кейбіреулер бұл дәстүрді ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырса, басқалары оны адам құқықтарын бұзатын ескірген салт деп есептейді.

Қазақстанда әлі де көптеген ауылдар мен аймақтарда, әсіресе оңтүстікте, «алып қашу» мәселесі өзекті болып отыр. Бұл жерде қыздардың келісімінсіз жүзеге асатын бұл іс, олардың әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан қысым көріп, өз еркімен тұрмыс құруына себеп болады. Соның салдарынан ажырасу мәселесі де белең алуда.

2. Жеті атаға дейін үйлену – бұл дәстүр қазақ халқының қан тазалығын сақтау және ұрпақтың денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында қалыптасқан.

Жеті атаға дейінгі туыстар арасындағы неке тыйым салынған, бұл ережені сақтамау үлкен айып болып саналған. Мұндай қағида ұрпақтың генетикалық тұрғыдан сау болуы үшін маңызды болған.

Жеті атаға дейін үйленуге тыйым



салудың ең маңызды себебі – қан тазалығын сақтау. Ғылыми тұрғыдан алғанда, жақын туыстар арасындағы некеден дүниеге келген балалардың арасында түрлі генетикалық ауытқулар мен аурулардың пайда болу ықтималдығы жоғары. Қазақ халқы мұны ерте заманнан-ақ түсініп, қан тазалығын сақтауды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырған.

Егер жеті ата қағидасы бұзылған жағдайда, бұл үлкен дау-дамай тудырып, кейде рулар арасында қақтығыстарға себеп болған. Мұндай неке-лер халық арасында «құдайдан қорықпау» және «ата-баба рухын сыйламау» деп танылып, некеге тұрғандарға қатаң жазалар қолданылған.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес жақын туыстар арасындағы некеге заңмен тыйым салынған. Мұндай неке тіркелмейді, ал оның салдарынан туындаған құқықтық мәселелер заң тұрғысынан қарастырылады.

Жеті атаға дейін үйленуге тыйым салу – қазақ халқының адамзат өркениетіне қосқан ерекше үлестерінің бірі. Бұл дәстүр ұлттың қан тазалығын сақтап қана қоймай, әлеуметтік және рухани тәртіпті нығайтуға бағытталған. Осы қағиданы сақтау арқылы қазақ халқы өз ұрпағының денсаулығы мен болашағына жауапкершілікпен қараған. Бұл дәстүрдің маңыздылығы уақыт өте келе ұмытылмай, ұлттың рухани және биологиялық тазалығын сақтаудың негізі ретінде қалыптасып келеді.

3. Мұрагерлік және мүлік бөлу дәстүрі. Қазақ халқының дәстүрлі өмірінде мұрагерлік – ұрпақ сабақтастығы мен отбасы бірлігін сақтайтын маңызды әлеуметтік және құқықтық институт. Мұрагерлік тек материалдық байлықты емес, рухани мұра мен әулеттің жауапкершілігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді көздеген. Бұл дәстүр әдет-ғұрып құқығы арқылы реттеліп, қазақ қоғамында әділдік пен тәртіптің негізі ретінде қалыптасқан.

Мұрагерлік қазақ қоғамында отбасының тұтастығын, әулеттің абыройын сақтауға бағытталған. Ата-бабадан қалған байлықты мұра ретінде беру қазақ халқының негізгі құндылықтарының бірі болған. Мұра ұғымы материалдық дүниемен ғана шектелмей, рухани құндылықтарды, әулеттің мәртебесін, дәстүрлерді және жауапкершілікті қамтыған.

Мұрагерліктің негізгі қағидалары:

1. Ұрпақ жалғастығы: Мұра әкеден балаға, әулеттің ұлдарына беріледі. Әсіресе тұңғыш ұлға ерекше жауапкершілік жүктелген.

2. Әділеттілік пен теңдік: Мұра бөліс кезінде отбасындағы барлық мүшелердің мүддесі ескерілген. Қыздарға да белгілі бір деңгейде мүлік берілетін жағдайлар болған.

3. Жауапкершілік: Мұрагер мұраға ие болу арқылы тек байлыққа ғана

емес, бүкіл әулетке қамқорлық жасау міндетін алған.

Мұрагерлік түрлері

1. Материалдық мұра

Мал-мүлік: Мал – көшпелі қазақтардың басты байлығы. Әке мұра ретінде ұлдарына жылқы, қой, түйе және басқа да малды қалдырған. Мал санымен бірге оның сапасы да маңызды болған.

Жер: Жерге иелік ету ерекше құрметті саналған. Қазақ қоғамында жер байлығы ру-тайпаға тиесілі болғанымен, отбасылар арасында пайдалануға бөлінген жерлер ұрпаққа мұра ретінде берілген.

Үй-жай: Қазақтың киіз үйі мен онда сақталған заттар да мұрагерлік жолмен берілген. Киіз үйдің кейбір бөліктері, әсіресе, отбасылық құндылықтарды бейнелейтін бұйымдар ерекше маңызға ие болған.

2. Рухани мұра

Ата-бабаның шежіресін сақтау: Шежіре ұрпаққа мұра ретінде қалдырылған және оны сақтау әрбір мұрагердің міндеті болған. Бұл дәстүр отбасылық бірлікті сақтаудың рухани негізін қалыптастырған.

Салт-дәстүрлер: Мұрагер тек мүлік пен атақты ғана емес, ата-бабадан қалған дәстүрлерді де жалғастырушы ретінде танылған. Ұрпаққа берілген рухани мұра отбасы тәрбиесінде ерекше орын алған.

Бата: Бата беру – мұрагерді белгілеудің ең маңызды рәсімдерінің бірі. Әке қайтыс болар алдында ұлына батасын беріп, оған өзінің аманатын тапсырған.

3. Әлеуметтік және мәртебелік мұра

Билік пен ел басқару: Қазақ қоғамында билік әулет ішінде мұрагерлік жолмен берілген. Хандар мен билердің ұрпақтары ел басқару ісін жалғастырған.

Қару-жарақ: Батырлардың қару-жарағы, соның ішінде қылыш, найза, сауыт сияқты заттар ұрпаққа қалдырылып, ел қорғау аманаты жүктелген.

Ел алдындағы бедел: Мұрагер тек байлықты емес, әулеттің ар-намысы мен қоғамдағы орнын да сақтаушы болған.

Мұрагерліктің тәртібі мен ерекшеліктері

1. Тұңғыш ұлдың рөлі: Қазақ дәстүрінде мұраның негізгі бөлігі, әсіресе, әке шаңырағы тұңғыш ұлға тиесілі болған. Ол «қара шаңырақтың иесі» ретінде танылып, әулеттегі барлық мүшелерге қамқорлық жасаған.

2. Қыздардың үлесі: Қыздарға мұраның көп бөлігі берілмегенімен, жасау мен қажетті мүлік берілген. Бұл жасау арқылы қыздың жаңа отбасындағы орны бекітіліп, оның беделі жоғарылаған.

3. Туыстық байланыс: Мұрагерлік тек жақын туыстар арасында жүзеге асқан. Әулет мүшелерінің бірлігі осы қағиданың сақталуына байланысты болған.

Қазақ қоғамында мұрагерлік мәсе-

лелері әдет-ғұрып құқығы (билер соты) арқылы реттелген. Мұрагерлікке қатысты дауларда әділдік пен тәртіп басты назарда болған. Билер соты әрдайым тараптардың мүддесін ескеріп, мұраның әділ бөлінуін қадағалаған.

Мұрагерлікке қатысты шешімдер:

1. Мұрагерлік құқығы жоқ адамның мүлікке иелік етуіне тыйым салынған.

2. Мұрагер жауапкершілікті орындамаса немесе отбасына зиян тигізсе, оны мұрагерліктен айыру мүмкін болған.

3. Мұраға қалған жер, мал немесе мүлік тек әулет ішінде пайдаланылуға тиіс болған.

Бүгінде Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі мұрагерлік мәселелерін заңды түрде реттейді. Мұра тек дәстүр бойынша емес, заң бойынша да отбасының мүдделерін ескере отырып бөлінеді. Сонымен қатар, қазақ дәстүрінде сақталған моральдық қағидалар әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Қорытынды

Салт-дәстүрлер – тек өткеннің мұрасы ғана емес, бүгінгі және ертеңгі ұрпақ үшін де өмірлік маңызы бар рухани байлық. Олар ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтауға, халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға ықпал етеді. Бүгінде дәстүрлерімізді заңнамалық түрде қорғау – тек қазақ халқының емес, әлемдік қауымдас-тықтың мәдени мұраны сақтау жолындағы ортақ әрекеттерінің бір бөлігі. Бұл қадам ұлттық құндылықтарды жаһандандудың ықпалынан қорғауға, сондай-ақ қазақ мәдениетінің әлемдік деңгейде танылуына мүмкіндік береді.

Алайда салт-дәстүрлерді тек заңға немесе арнайы бағдарламаларға сүйеніп қорғау жеткіліксіз. Оларды күнделікті өмірде қолдану, оларды құрметтеу және оларды жастарға үйрету – басты шарт. Мектептерде, отбасыларда, қоғамдық ортада дәстүрлерді дәріптеу арқылы ғана біз бұл қазынаны болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз. Әсіресе, ауылдық жерлерде ұлттық дәстүрлердің сақталуы ерекше маңызға ие. Өйткені дәстүрлердің қайнар көзі ауыл өмірінен бастау алады.

Сондай-ақ, заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілер дәстүрлерді насихаттаудың жаңа алаңына айналды. Бүгінде жастар дәстүрлер туралы ақпаратты интернет арқылы біліп, қызығушылық танытуда. Сондықтан дәстүрлерді қазіргі заманның тілінде жеткізіп, оларға жаңа мазмұн берудің маңызы зор. Бұл дәстүрлерді сақтап қана қоймай, олардың жаңа буын арасында танымал болуына ықпал етеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттың рухани тірегі, оның айнасы. Бұл дәстүрлерді қорғау, сақтау және жаңғырту – ұлттың тарихи санасын қалыптастырудың, елдігімізді сақтаудың және әлемдік мәдениетте өз орнымызды нығайтудың негізі. Біз өзіміздің өткенімізге құрметпен қарап, дәстүрлерімізді жандандыру арқылы ғана болашаққа сенімді қадам жасай аламыз. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызды заңмен қорғау – уақыт талабы ғана емес, ел болашағы үшін аса маңызды қадам.

Еліміздің әрбір азаматы осы қасиетті аманатқа өз үлесін қосып, дәстүрлерімізді қадірлеу арқылы ұлттық болмысымызды нығайтуға атсалысады деп сенеміз. Бұл – тек мемлекетке ғана емес, әрқайсымызға жүктелген тарихи және рухани жауапкершілік.

Ұ. ПЕРДЕН,

Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Қазақтың қамын жеп, ертеңгі күнін ойлап жөн сілтеп, айтқан ақылы үшін туған туысынан жәбір-жапа көріп, жер аударылғандар көп. Тіпті Ахмет Байтұрсынұлы да бір өлеңінде өз елінің иттерінің балағынан қапқанын ауыр өкінішпен жеткізеді. Заманынан асып туғанның бірі Абай және Шәкәрім. Абай мен Шәкәрімнің адамдық, арлылық, мұсылманшылық, Құдайға жақынддық туралы терең толғаныстары қадіріне жете білген адам үшін темір қазық іспетті. Ендеше адаспайтын, ақылды, арлы адамның айтқандарынан бірнеше мысалдар келтіре кетсек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып:

Хакім Абайдан бір үзік ой

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», - дейді. Әрхам Кәкітайұлы естелігінде: «- Әке, мен өз рұқсатыңыз бойынша үш жыл мұсылманша оқып, ораза, намаз, басқадай шариғат жолын үйрендім. Биыл қыс ортасынан бері қарай сізден рұқсат сұрауға уақытым болмай, орысша школаға түсіп оқыдым. Ондағы мақсатым дін оқуы о дүниеге басшы болса, орыс оқуы бұ дүниеге басшы болмақ. Өнер де, білім де орыста. Бұл күнде біз орыс патшалығына толық бағынған халықпыз», депті. Тарихқа қарар болсақ Абайдың айтып тұрғаны айна-қатесіз шындық. Кезінде Ібір-Сібір жерінде билік қылып кейіннен қақпанға түскен он оқты Оңдан сұлтанның баласы Ораз Мұхаммед сұлтан орыстың отты қаруының сырын ұғына алмай-ақ кетті. Әрине қару-жарақта білім-ғылымның жемісі. Бөтен жұрттың тілін білсең өзіменен бірдейлік дағуасында тұрасың деуі де бекер емес. Бірақ замана ағымы ауысты. Әлемдік білім-ғылым тілі болып өзге тілдер оқ бойы озып алдыға шықты. Қазіргі қазақ баласы да заман ағысынан қалып қоймағаны абзал.

Дана Абай бір өлең жолында: «Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз қол емес. Ынталы жүрек шын көңіл, өзгесі хаққа жол емес», дейді. Біз қазақ ешкімге де арамдық ойламаған, бөтеннің мүлкіне тиіспеген халықпыз деп кейде өз бағамызды шектен тыс асырып жіберетініміз бар. Бес саусақ бірдей болмағаны секілді әлемдегі барлық ұлтта бар жақсы қасиет пен жаман қасиет біз де де бар екенін түсінуіміз керек. Сол себепті болар кейде Құдай деп жүргендердің аузын араммен, алаяқтықпен айналысып, қолын қанмен былғап жүргенін, көріп әлеуметтік желіде ислам дегендерің осы ма деген секілді пікір білдіріп жүргендердің көбейіп бара жатқаны. Ал шын мәнінде мұсылман деген қандай болу керек?

Көкбай Жанатайұлы естелігінде: «Абай шын мағынасында мұсылман еді. Бірақ, мұсылманшылығы молда, қожа айтып жүрген сырты сопы, мұсылмандық емес, үлкен сынмен, терең оймен, өз жүрегімен тапқан мұсылмандық болатын. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молда сөзі, шариғат жолы дегеннің барлығына сынмен қарап, діннің негізін, мақсат бағытын ғана алып, соны ақиқат діні қып қолданған. Абайдың діні мұсылманшылдықтың ішінде осындай жолмен, үлкен сынмен табылған таза ақыл дін еді. Сондықтан сыртымен тақуалық қылып, ұдайы намаз оқып, ұдайы ораза тұтып, ұдайы құлшылдық қылғанда емес. Намазды оқығысы келген кездерде оқиды, бірақ, ондайда қасына ешкімді алмай, оңаша үйде жалғыз өзі ұзақ-ұзақ уақыттар отырып оқитын. Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ғламалар жазған ірі



сөздердің барлығын да білетін». Яғни терең толғаныспен пайда болған мұсылмандық. Қазіргі таңда не көп діндар емес діншіл адам көп. Құдайдан хабары көп болмаса да намаз оқымаған адамдарға тозақты дайын қылып Құдайға жақындатудың орнына керісінше алыстатып алатыны бар. Бірақ Құдайдың адамды сүйетіні, Құдайдың өзі жаратқан пенделеріне махаббаты туралы айтылмай тасада қалып кетіп жатады. Осыған байланысты Жаратушының адамға деген ерекше ықыласы туралы Абай айтқан мына деректі жаза кетуді жөн көрдім.

1868 жылдардан бастап қазақтарды күштеп шоқындыру ісі басталды. 1885 жылы Семей қаласына жандарал Колпаковский келеді. Онымен бірге Петербор қаласында тұратын шоқындыру саясатына әбден дайындықтан өткен қазақ православиялықмиссиясының басшысы архимандрит, кейін епископ Сергей (Петров) келді. Келу себебі жергілікті қазақ молдаларының арасында пікір таласа алатын адам бар болса келсін, жеңілсе шоқындырмақшы болып үлкен дайындықпен келеді. Сонда Семейдегі 12 мешіттің имамы хат жазып 250 км жердегі Абайды бес күн ішінде алдыртады. Бұл жерде пікір таластың барлық бөлігін жазбай өзімізге қажетті жерін ғана жазуды жөн көрдік.

«Сергей, мұсылман дінінше құдай күш иесі, қорқытушы, сондықтан құдай жолындағы құлшылдық, таза-лық, ақтық барлығы да қорқудан туатын сияқты», - деді. Оған мен: «Біздің құдай «Рахман, Рахым» қуат қана иесі емес, Рақым да қылушы. Қуаты қара күш бастаған қуат емес. Мапақаты бар қуат: әке мен баланың арасы сияқты, әкеше сүйші ие дедім», - дейді. Міне бізге қажеті де осы тұс. Жаратушыны насихаттаймыз деп тек Қаһһар сипатын ғана насихаттамай Рақым сипатына басымдық берілгені дұрыс секілді. Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең мұсылман діннен шығады деген осы болса керек.

Қазіргі қоғамда сан түрлі пікір, ұстаным бар. Соның бірі қыз баланың қара түспен орануы яғни қара түсті ниқап кию. Қазақ халқы өз тарихында қара түсті ормалды қандай рәсім кезінде киген деген сауал туады. Әрхам Кәкітайұлының естелігінде Абайдың інісі Оспан қайтыс болғанда: «Жаздай қаралы көш, қара шапан жамылған қатын, қыздар, қатарласып дауыс айтатын болды», деген естелікті жазып қалдырды. Яғни орану Құдайдың бұйрығы деп аттан салмай өз тарихымызға бір қарап алып барып оранса қоғамда осынша түсінбестік болмас еді.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Діни фанатизм мен шынайы сенімнің айырмашылығы

Адамзат тарихында дін әрдайым маңызды рөл атқарып келген. Ол – тек сенім емес, сонымен қатар адам болмысының, өмірлік ұстанымдарының, қындылықтарының, мәдениетінің ажырамас бір бөлігі. Дін арқылы адам өзіне де, өзгеге де жауапкершілікпен қарай бастайды. Адамның жүрегіндегі сенім – оның іс-әрекетінің, сөйлеу мәнерінің, өмірге деген көзқарасының негізгі қайнар көзіне айналады. Алайда кей жағдайда сенім атаулы өзінің шынайы табиғатынан ауытқып, фанатизм сияқты жағымсыз құбылысқа ұласуы мүмкін. Бұл екі ұғымның-шынайы сеніммен фанатизмнің-ара жігін ажырата білу бүгінгі заманда аса маңызды. Өйткені діни фанатизм – қоғам үшін, діннің өзі үшін де үлкен қатер төндіретін, адамның еркіндігін, ақыл-санасын шектейтін, соқыр нанымға жетелейтін құбылыс.

Шынайы сенім дегеніміз – адамның Аллаға жүрекпен, ықыласпен сенуі, дінді терең түсінуі, діндегі рухани мәнді қабылдауы. Мұндай сенім иесі адам сабырлы, көшірімді, байсалды, сабақты ойлайтын, әрбір ісін парасатпен атқаратын тұлға болып қалыптасады. Ол басқа адамдармен қарым-қатынаста мейірімді, төзімді, әділетті болады. Мұндай адам өзінің дінімен ғана шектелмей, өзге дін өкілдеріне де құрметпен қарап, бейбітшілікпен өзара түсіністікті насихаттайды. Шынайы сенім иесі үнемі білім алуға, өзін жетілдіруге, жақсылық жасауға ұмтылады. Оның басты мақсаты – Жаратушыға жақындау, өзін-өзі тәрбиелеу, жүректі тазартып, нәпсіні тежеу. Ол діни амалдарды сыртқы форма ретінде ғана емес, терең мағынасымен орындайды. Құранмен хадиске сүйеніп, әрбір әрекетін саналы түрде орындайды. Ондай адам үшін дін-рухани өрлеудің жолы, ал жүрек-оның тұрақты мекені.

Ал діни фанатизм бұл сипаттарға мүлдем қарама-қарсы. Ол адамның дінді сырттай ғана ұстанып, оның рухани тереңдігін түсінбей, дінді тек догма, қатал ережелер жиынтығы ретінде қабылдауынан туындайды. Фанатизм иесі-өз сенімінен басқаның бәрін жоққа шығаратын, қарсы пікірді қабылдамайтын, өзгелерге үнемі сын көзбен қарайтын адам. Мұндай адам көбіне өзін ғана дұрыс жолда деп санайды, басқаларды көпір, бидғатшы, адасқан деп айыптайды. Оның дінге деген көзқарасы – бір жақты, шектелген, сезімге негізделген, ал ақылмен парасат екінші орынға ығысып қалады. Фанатик адам көбіне эмоциямен шешім шығарады, ашушаң келеді, кешірімсіз болады. Ол үшін мейірім, төзім, кеңдік сияқты ұғымдар маңызды емес. Фанатизм-тек рухани емес, саяси сипатқа ие. Жеке-леген фанатиктер өз әрекеттерін дінмен ақтап, қоғамда бүлік шығарады, адамдарды қақтығысқа итермелейді, тіпті зорлық-зомбылық жасауға дейін барады.

Фанатизмнің түп-төріні көбіне діни сауатсыздықтан бастау алады. Дінді үстірт түсіну, теріс уағызшылардың ықпалы, әлеуметтік әділетсіздік, психологиялық тұрақсыздық секілді факторлар адамның шынайы сенімге емес, фанаттық түсінікке еруіне себеп болады. Шынайы сенімге ие адам дінді жақсы көреді, оны өз өмірінің мәні ретінде қабылдайды, бірақ оны ешқашан күшпен немесе зорлықпен таратуға тырыспайды. Ол ешқашан дінді құрал ретінде пайдаланбайды, керісінше, дін арқылы адамгершілікті, бейбітшілікті, әділеттілікті орнатуға тырысады.

Шынайы сенім – ізгілікке бастайды, ал фанатизм – адасушылыққа әкеледі. Сенімі шынайы адам – көркем мінезді, өзгелерге үлгі бола алатын тұлға. Ол қиындықта сабыр етеді, қуанышта шүкіршілік етеді, адамдармен қарым-қатынаста жұмсақтық танытады. Ал фанатик болса, тек сыртқы амалдарға мән береді, рухани тереңдікке үңілмейді. Ол өзін ғана дұрыс деп есептеп, басқаларды үнемі сынап-мінеуге бейім болады. Мұндай адам қоғамда дау-дамайдың, алауыздықтың, тіпті қақтығыстың себебіне айналады.

Ислам тарихында да фанатизмнің зардабы байқалған. Ертеректе харижиттер деген ағым пайда болып, олар өздерінен басқаларды көпір санап, дін атын жамылып, көптеген қайғылы оқиғаларға себепші болды. Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) үнемі сабырлы болуға, мейірімді болуға шақырды. Ол бір хадисінде: «Дінде шектен шығудан сақтаныңдар. Сендерден бұрынғылар дінде шектен шыққаны үшін қырылды» деген. Бұл сөздердің өзі-ақ фанатизмнің исламға жат екенін дәлелдейді. Нағыз сенім адамның ішкі дүниесін өзгертеді, ал фанатизм тек сыртқы мінез-құлықты бұзады. Сондықтан дінді тек амал ретінде емес, рухани терең мәнімен қабылдау қажет.

Қазіргі заманда діни фанатизм – жаһандық мәселе. Әлемнің түрлі елдерінде фанатизмге бой алдырған топтар түрлі қайғылы оқиғаларға себепші болып жатыр. Олар діннің бейбіт сипатын бұрмалап, өздерінің қатыгез әрекеттерін исламмен байланыстырып көрсеткісі келеді. Мұндай әрекеттер дінге ғана емес, бүкіл адамзатқа қарсы жасалған зұлымдық болып есептеледі. Сондықтан діни фанатизммен күресу – тек дін өкілдерінің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Ең алдымен діни білім беруді жүйелі ету, жастарға дұрыс тәрбие беру, теріс ағымдарға тосқауыл қою – басты қажеттіліктердің бірі.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Мұнда дін мен мемлекет өзара сыйластық пен әріптестік негізінде қызмет етеді. Біздегі діни тұрақтылықты сақтау – әрбір азаматтың, әсіресе жастардың санасына байланысты. Егер жастар шынайы сенімді бойына сіңіріп, дінді парасатпен түсінсе, қоғамымызда алауыздық, фанатизм, теріс көзқарастар болмайды. Ал егер біз жастарымызды жалған уағызшылардың жетегіне қалдырсақ, онда болашақта фанатизмнің көлеңкесі түсуі ықтимал.

Қорытындылай келе, шынайы сенім – Аллаға жүрекпен берілу, ал фанатизм-өз ойын дін деп түсіндіріп, оны өзгелерге күштеп таңуға тырысу. Шынайы сенім-адамға тыныштық сыйлайды, оны рухани кемелдікке жетелейді. Ал фанатизм-адастырушы, бөлінушілікке, қақтығысқа апаратын жол. Діннің шынайы мәнін түсініп, оны ізгілік пен бейбіт өмір сүруге қолдану-әрбір мұсылманның міндеті. Ақыл мен жүрек үндескенде ғана сенім шынайы болады. Сондықтан әр адам өз сенімін үнемі біліммен, сабырмен, мейіріммен толықтырып отыруы қажет. Тек сонда ғана діннің шынайы нұры жүректерді жарықтандырып, қоғамда тыныштық пен береке орнайды.

Ұ.ПЕРДЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім маманы.

Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің тарихы

Атақты Қаратаудың терістігін мекендеген елді бұрыннан Теріскей елі, немесе Созақ елі деп атаған. Осы Созақ елі мекендеп, өмір сүрген жердің көлемі кең, ауқымды (4 миллион 104 мың 940 гектар). Ол шығысында Жамбыл облысының Сарысу ауданымен, батысында Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектессе, терістігінде Жезқазған облысына дейін созылған.

Созақ елі негізінен Кеңес Одағы тұсына дейін алты болыстан құралып (Қаратау болысы, Сары өзек болысы, Көкшеқұм болысы, Үлкен Шу болысы, Құршу болысы, Созақ болысы) Сырдария губерниясының Түркістан уезіне қараған.

Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің 1928 жылы қаңтар айындағы кулысына сәйкес, Созақ елі өз алдына аудан болып, орталығы Созақ ауылы белгіленді. Сол жылдың күз айында Созақ аудандық орталық атқару комитетінің милиция бөлімі өз жұмысын бастады.

1934 жылдың күз айында аудан орталығы Шолаққорған ауылына көшірілді. Бұл стратегиялық жағынан өте дұрыс шешім болатын. Себебі, сол кезде кен орыны Ащысай поселкесінде теміржол жүйесі, байланыс жүйісі (телефон) жұмыс істеп тұратын. Бұл деген сол кездері үлкен жетістіктердің бірі. Себебі жылдам хабар алуға және қажетті құрал жабдықтарды тасымалдауға өте қолайлы болды. Сондай-ақ облыс орталығына да жақындай түсті.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, егемендігін алған 1991 жылдары болған елдегі дағдарыс құқыққорғау органдарының жұмыстарына да әсерін тигізді. Бұл кезде Созақ аудандық Ішкі істер бөлімін милиция подполковнигі Мықтыбек Лесов басқаратын. 1992 жылдың мамыр айынан полиция полковнигі Есалы Нұржанов басқарды.

Мұнан кейін бөлім басшысы болып милиция полковнигі Назар Төлегенов, милиция полковнигі Шуахан Халимов, полиция полковнигі Сырым Абдуллаев, полиция полковнигі Сағидұлла Жұматаев, полиция полковнигі Шахмұрат Мырзахметов, полиция полковнигі Сәрсен Қасымбеков, Жүнісхан Әлімбеков, полиция подполковнигі Серғазы Кенжебеков, Болат Қаныбеков, Адилас Асылхан, Нысанбаев Жасұлан басқарды. Бүгінгі күні Мұратов Нұрлан басқаруда.

Облыс орталығынан шалғайда жатқан Созақ ауданының көлемінің үлкендігі қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстың алдын алуда және болған қылмысты дер кезінде ізін суытпай ашуда өзіндік қиыншылықтары мен ерекшеліктері бар. Соған қарамай ел тыныштығы мен бірлігі үшін түн ұйқысын төрт бөліп, қажырлы еңбек ететін ішкі істер саласы қызметкерлерінің табанды еңбектері ерекше.

Ішкі істер бөлімі бастауыш ардагерлер ұйымы

Бастауыш ұйымда 57 ардагер есепте тұрады. Ұйымды 2006 жылдан 2025 жылға дейін Беркінбай Дуанаев басқарып келсе, ол кісі қайтыс болған соң бастауыш ұйым төрағасының орынбасары Түбекбаев Саттар ардагер ұйымының жалпы жиналысының қаулысы негізінде 2025 жылдан бастауыш ұйымның төрағасы ретінде ардагерлер ұйымын басқарып келеді. Ұйым нақты 2013 жылдан бастап жұмыс жасай бастады.

Бастауыш ұйымның елде және ар-

№234 XI-есеп беру-сайлау конференциясының қаулысы. «Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігі

Астана қаласы 25 қыркүйек 2024 жыл

Конференция қаулы қабылдайды:
10 қараша- Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ұлттық ұланы ардагерлерінің күні деп жарияласын.

Бұл күнді жариялаудың мақсаты-қазақстандық қоғамда ішкі істер органдарына оң көзқарас қалыптастыру, ардагерлерді ұлықтау, қызмет тәжірибесін насихаттау, патриоттық тәрбие мен ішкі істер және ұлттық ұлан қызметкерлерінің рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту болып табылады.

Үзінді дұрыс:

Қазақстан ішкі істер органдары мен ұлттық ұлан ардагерлері кеңесінің жауапты хатшысы А.Смағұлова.

дагерлерарасында бірлік пен тыныштық, тәртіп пен реттілікті қалыптастыруға қосар үлесі мол. Кезінде өзінің адал қызметімен құрметке ие болған Дүйсенбеков Омарбек, Танауов Мырзахмет, Қалымбетов Мақан, Шорманов Жарқынбек Шалбекұлы сияқты тәртіп сақшыларының есімін ел құрметпен атайды.

Әсіресе Ұлы Отан соғысының ардагері, үш орден, 17 медаль иегері, тәртіп сақшысы қана емес еларасын да ақылшы да қамқоршы аға бола білген Дүйсенбеков Омарбекті кейінгі ұрпақ үлгі тұтары анық.

Ардагерлер ұйымының нығаюына елеулі үлес қосқан Дуанаев Беркінбайдың, Елібаев Дәуірбек мен Түбекбаев Саттардың еңбегін ерекше атаған жөн. Сондай-ақ ел азаматтары Созақ аудандық ішкі істер бөлімін басқарған Халимов Шуақан мен Әлімбеков Жүнісхан Мырзаханұлы, ІІБ-інің бастығының орынбасары болған подполковниктер Тұрмаханов Абай Қалқаманұлы, Құлманбетов Бердірахман Егембердіұлы, Құрманбеков Нұрлан Мейрамбекұлының есімдері ел ішінде құрметпен аталады.

Сондай-ақ, Созақ ауданы бойынша Ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президумының қаулысымен «Ішкі Істер Министрінің Құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталғандар қатарында Еденбаев Дәулетәлі, Қожабаев Талас, Тұрмаханов Абай, Дуанаев Беркінбай мен Елібаев Дәуірбектің есімдері аталады.

Гибратты ғұмырлар

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері, милиция капитаны Қалымбетов Мақан 1928 жылы Ащысай кентінде дүниеге келген. Жамбыл атындағы мектепті бітірген соң Ащысай түсті металл өңдеу комбинатында жұмысшы болып еңбек жолын бастайды. 1946 жылы кен ісінің шеберлерін даярлайтын бір жылдық курсты тәмамдап, 1949 жылға дейін кеніште бұрғылаушы болып жұмыс істейді. 1953 жылға дейін кеніштің кадрлар бөлімінің бастығы қызметін абыройлы атқарады. 1953 жылы Түркістан аудандық халық сотына хатшылыққа қабылданады. 1955 жылы Кентау қаласына милиция ішкі істер органына учаскелік инспектор қызметіне қабылданады. Мақан 1962 жылы Мәскеудегі КСРО жоғарғы заң мектебіне түсіп, оны 1967 жылы бітіріп шығады. 1962 жылы төлқұжаттандыру бөлімінің бастығы болып тағайындалып түрлі оперативтік істерге қатысады. Ол уақытта арнайы тапсырма бойынша облыс көлемінде тергеу жұмыстарын жүргізе беретін. Сол мақсатта Мақан Қалымбетов Бөген, Алғабас аудандарында тергеу бөлімдерінде жұмыс

жасайды. 1963 жылы ерен еңбегі ескеріліп, «Милиция үздігі» төсбелгісімен, 1967 жылы «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, сонымен қатар, еңбектегі елеулі жетістіктері үшін аудандық, облыстық ішкі істер бөлімі әкімшілігінің тарапынан бірнеше мәрте алғыс хаттармен, мақтау қағаздарымен марапатталады. Еңбек ардагері Мақан Қалымбетов ішкі істер саласында отыз бес жыл мінсіз қызмет атқарып әріптестер арасында зор беделге ие болады. Құдай қосқан жұбайы екеуі біздерді, яғни алты ұл-қызды тәрбиелеп өсіреді.

Атабаев Төлбасы- 29 желтоқсан 1946 жылы Шымкент облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында



дүниеге келген. 1966-1968 жылдары аралығында Совет Қарулы Күштері әскер қатарында борышын өтеген. 1973-1976 жылдар аралығында Шымкент автомеханикалық техникумын «Автомобиль техникалық жабдықтау және жөндеу мамандығы» бойынша 1982-1990 жылдар аралығында Еңбек Қызыл Ту ордені ауылшаруашылық институтының «ауыл шаруашылығы» мамандығы бойынша оқуын бітіріп шыққан. Еңбек жолдары 1968-1970 жылдар аралығында Созақ ауданы мәдениет бөлімінде, 1971-1977 жылдар аралығында Созақ аудандық атқару комитетінде қызмет атқарған. 06.05.1977-26.09.1991 жылдар аралығында Шымкент облысы Созақ аудандық ішкі істер бөлімі мемлекеттік автотранспорт инспекциясы бөлімшесінің бастығы қызметін атқарып жүрген кезінде 1991 жылы мезгілсіз қайтыс болған. Отбасында 4 ұл, 2 қыз тәрбиеленген. Кеңес өкіметі кезінде Атабаев Төлжан Созақ аудандық ішкі істер бөлімінде мемлекеттік автотранспорт инспекциясының бастығы болып қызмет атқару кезінде жол қауіпсіздігі саласы бойынша жүргізушілер мен жолаушылардың амандығын тілеп автокөліктерді бақылау барысында өзінің шеберлігімен үлкен үлес қосқан. Осы тұстағы замандарда совхоздарға, автобаздарға жеке адамдардың автокөліктері техника-

лық байқаудан өткізілетін. Техникалық байқау кезінде совхоздардың гараждарында барлық автокөліктер, тізіліп қатарға қойылып техникалық жағдайлары қатаң тексеріледі. Ол кезде жүргізушілер өздеріне тиесілі автокөліктерді жуып тазалап, майларын ауыстырып, бояп техникалық байқаудан өткізеді. Кейбір автокөліктер техникалық ақауына байланысты өтпей қалады. Техникалық байқаудан өткен жүргізушілер қуанышқа бөленіп өздерін үлкен сынақтан өткендей мәз болып қуанатын замандар болған. Атабаев Төлжан қызмет атқару кезінде «Құрмет грамотасымен», «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен марапатталған. Ол кісі өзінің шеберлігімен, қайтпас қайсарлығымен өткір мінезді адам болуымен осы күнге дейін ел аузында есімі аталып жүр. Төлжан ағамыздың екі немересі Мақсат және Рамазан Созақ аудандық полиция бөлімінде қызмет атқарады.


Еденбаев Дәулетәлі-

1946 жылы 13 қазан айында Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Ы.Алтынсарин арнаулы орта мектебіне 1 сыныпқа барды. 1965 жылы аталған орта мектебінің 10 сыныпты бітірген. 1965 жылы әскер қатарына шақырылып 1968 жылы әскери борышын өтеп қайтты. 1970 жылы қазан айында АІІБ-не учаскелік милиция қатарына қызметке орналасты. Соонымен қатар ішкі істер органының 25-30 жылдық төсбелгісімен марапатталды. 1992 жылы осы қызметімен зейнеткерлікке шықты. 2023 жылы Ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президумының қаулысымен «Ішкі істер министрінің құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталған. Жан-аялы. 3 ұл, 2 қыз өсіріп тәрбиелеп отыр. Барлық ұл-қыздары отбасылы.



Қожабаев Талас-

1949 жыл 4 ақпан айында Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Калнин атындағы мектепке 1-ші класқа барып 1968 жылы 10-шы класты бітіріп, сол жылы кеңес армиясы қатарына шақырылады. 1971 жылы ауылға оралды. 1971 жылы аудандық ішкі істер бөліміне милиция қатарына кірді. Милиция қатарында 25 жыл қызмет етті. Сол істеген жылдарында бірнеше алғыс хаттар және медалдармен марапатталды. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты. Ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президумының қаулысымен «Ішкі істер министрінің құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталған. Жары Нұрғалиева Қалима екеуі 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Барлығы отбасылы.



Бетті дайындаған:
Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.
(Жалғасы бар).

Хабарландыру!

Ашық есік күні!

Егерде сізге:

- Еңбек демалысыңыз кестеге сәйкес берілмесе;
- Жалақыңыз уақытылы немесе толық төленбесе;
- Негізсіз тәртіптік жаза қолданылса;
- Мереке, демалыс күндері заңсыз жұмысқа тартылсаңыз;
- Үстеме жұмыстарға қосымша ақы төленбесе;
- Жұмыста қорғану құралдары берілмесе;
- Жазатайым жағдайларды жасыру фактілері орын алған болса немесе басқа да еңбек құқығыңыз бұзылды деп есептесеңіз – Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Түркістан облысы бойынша департаменті қызмет көрсетуге дайын!



Ботулизм қалай таралады?

Бұл жерде табиғи жағдайда болатын «Clostridium botulinum» бактериялары тудыратын бұлшықет параличіне әкелетін сирек кездесетін ауру. Ботулизмнің үш негізгі түрі бар: тағамдық, балалар және жаралар.

БОТУЛИЗМ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Сіз ботулизмді жұқтырған тамақты жегенде немесе жараға бактериялар жұқтырған кезде жұқтыра аласыз.

БОТУЛИЗМ СИМПТОМДАРЫ
Ботулизм белгілері токсинге ұшырағаннан кейін бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін пайда болады, бұл токсиннің ағзаға қанша түскеніне байланысты. Токсиннің ағзаға ену әдісіне қарамастан, оның нәтижелері бірдей. Ауру дамыған сайын келесі белгілер пайда болуы мүмкін: көздің қосарлануы немесе бұлыңғыр көру, қабақтың ауырлығы, бұлыңғыр сөйлеу, жұтылу қиындықтары, құрғақ ауыз және бұлшықет әлсіздігі (иықтан басталып, бүкіл денеге таралады). Нәтижесінде тыныс алу бұлшықеттерінің сал ауруы пайда болады, бұл науқастың өліміне әкеледі. ТАҒАМДЫҚ БОТУЛИЗМ Азық-түлік ботулизмі адамдарда токсинді шығаратын бактериялармен ластанған тамақты жеген кезде пайда болады. Бұл әдетте үйде сапасыз консервілеу нәтижесінде пайда болады. Бастапқы белгілерге жүрек айну және құсу кіруі мүмкін. Азық-түлік ботулизмі кез-келген топта пайда болуы мүмкін және денсаулық сақтау үшін төтенше жағдай болып табылады, өйткені басқа адамдарға жұқтырудың алдын алу үшін жұқтырған тағамның көзін анықтау қажет.

БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ:
Ботулизмнің қоздырғышы қоршаған ортада кең таралған, сондықтан бұл аурудың алдын алу қиын. Көшедегі сауда орындарында үйде консервілеу өнімдерін сатып алмаңыз. Үйде саңырауқұлақтарды, ет, балық, шөптерді сақтауды ұсынбаңыз. Қызмет көрсетер алдында үйдегі консервілерді дұрыс сақтау және тиісті температуралық өңдеу өте маңызды. Зақымдану және ісіну немесе ағып кету көріністері бар консервілерден бас тарту керек. Көкөністермен жемістерді тұтынар алдында мұқият өңдеңіз.

Хабарландыру

«Сузак Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ а-ы, Құмкентауылы Ж. Есіркепұлы көшесі Құмкент ауылдық мәдениет үйі.

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 12 желтоқсан сағат 10:00-де.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 43қ43'34"– 43қ41'20" ш.б. және 69қ31'06"–69қ23'35" шығыс.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ

ЖАО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>, сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен көшіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жеке конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Тапсырыс беруші: «Сузак Фосфат»ЖШС, Шымкент қ., Каратау ауданы, 233 квартал, строение №57, БСН: 170840011047, сым 8-775-666-11-65, Sc-lawyer@mail.ru.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖШС «Эко-Инновация», gulnaz_91@mail.ru, БСН 151040010425, Шымкент қ., а.Қаратау, Мирас м/а, Сақ елі көшесі 52, сым.87781524535.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

Объявления

ТОО «Сузак Фосфат»объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» дляплан горных работ на разработку месторождения фосфорита «Ушбас-1» открытым способом в Сузакском районе,Туркестанской области.

Место проведения: Туркестанская об-ь, Сузакский р-н,с.Кумкент, ул.Ж. Есіркепұлы, сельский мәдениет үйі.

Дата и время проведения: 12 декабря 2025 года в 10:00.

Географические координаты территории воздействия 43қ43'34"– 43қ41'20" С.Ш. и 69қ31'06"–69қ23'35" В.Д.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ТОО «Сузак Фосфат», г. Шымкент, Каратауский район, 233 квартал, строение №57, БИН: 170840011047, тел 8-775-666-11-65, Sc-lawyer@mail.ru.

Проектная организация ТОО «Эко-Инновация», gulnaz_91@mail.ru, БИН 151040010425, г.Шымкент, р. Каратауский, Мирас м/к, ул.Сақ елі 52, моб.87781524535.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документамв ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующему адресу: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

Greenwashing-пен күрес және жалған экотаңбалаулардың алдын алу

Жол картасының 4-тармағы аясында «Greenwashing-пен күресі жөніндегі ұйымдастырушылық-әкімшілік шараларды қабылдау және жалған экологиялық таңбалауларды бар органикалық өнімдердің азық-түлік нарығына келіп түсуіне жол бермеу» бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Greenwashing–бұл өндірушілердің өз өнімін “экологиялық таза”, “органикалық” немесе “табиғи” деп көрсетіп, шын мәнінде олай болмаған жағдайдағы жалған жарнама немесе жаңылыстыру әрекеті. Мұндай тәсіл тұтынушылардың сенімін теріс пайдаланып, нарықтағы адал бәсекелестікті бұзады.

Қабылданып жатқан шаралар:
-Greenwashing-пен күрес бойынша ұйымдастырушылық және әкімшілік шаралар күшейтілді;
-Азық-түлік нарығына жалған экологиялық таңбалауы бар өнімдердің түсуіне жол бермеу мақсатында бақылау жүргізілуде;

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Дезинфекциядан ұланудың алдын алу

Дезинфекция–ауру тудыратын микробтарды, вирустар мен зиянды организмдерді жою үшін қолданылатын шара. Бұл–денсаулықты сақтау мен індеттердің таралуын болдырмаудың маңызды тәсілі. Бірақ дұрыс жүргізілмеген жағдайда дезинфекция адам денсаулығына кері әсер етіп, ұлану қаупін туғызады.

Ұланудың себептері:

1. Дезинфекциялық ерітінділерді дұрыс мөлшерде қолданбау.
2. Қорғаныш құралдарын кимеу (қолғап, маска, респиратор).
3. Желдетуіс бөлмеде жұмыс істеу.
4. Балалар мен жануарларды өңделген жерге ерте кіргізу.
5. Нұсқаулықты сақтамау және белгісіз заттарды қолдану.

Алдын алу шаралары:

1. Дайындық кезінде препараттың заттаңбасын мұқият оқып шығыңыз.
2. Жұмыс кезінде міндетті түрде қолғап, маска, респиратор, арнайы киім киіңіз.
3. Дезинфекция жүріп жатқан бөлмеде адамдар мен жануарлар болмауы тиіс.
4. Процестен кейін бөлмені жақсылап желдетіңіз (кемінде 30 минут).
5. Ерітінділер мен химиялық заттарды балалардан алыс жерде сақтаңыз.
6. Қолданылған ыдыстар мен құралдарды тазалап, арнайы жерде жуыңыз.

Улану белгілері:

- Бас айналу, әлсіздік;
- Жүрек айну, құсу;
- Көздің жасаурауы, тамақтың ашуы;
- Тыныстың тарылуы, жөтел;
- Терінің қышуы немесе күйдіруі.

Алғашқы көмек:

1. Зарпап шегушіні таза ауаға шығару.
2. Киімге тегілген ерітінді болса, сол жерді жылы сумен жуу.
3. Ауыз қуысына тиген жағдайда-су беріп шайқату.
4. Егер жағдай ауырласа-дәрігер шақыру немесе жедел жәрдемге (103) хабарласу.

Дезинфекция-тазалық пен қауіпсіздіктің кепілі. Алайда оны дұрыс және жауапкершілікпен орындау қажет. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы ұланудың алдын алып, өзіңіздің және айналаңыздағы адамдардың денсаулығын қорғай аласыз.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Орманды өрттен қорғайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады. Бұл тек ауа райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі– сөндірусіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөппті жағу болып табылады. Жаз кезінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызақ, соңы қатты желге айналады. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден күйіп, жану материалдарына айналады.

Ж.Кембилов,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Табиғатымызды қорғайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тисін десек-орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Б.Қожақов,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жасыл желек-жанға сая

Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғау, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Сонымен қатар орманды бей берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс.

М.Қазақбаев,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

"ЖЫЛНАМАҒА АЙНАЛҒАН ЖЫЛДАР!"

Биылғы жылы ауданымыз болып атап өтіп жатқан «Созақ үні» газетінің 95 жылдығы аясында Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында болып, тарих жылнамасына айналған аудандық басылымның өткен тарихына аз кем үңіліп оралдық. «Созақ үні» газетінің арғы шығу тарихы, бүгінгі күнге дейін ауданда қандай басылымдар, қандай аталарымыз жұмыс жасаған, қалай шығарған, оның қиындығы мен терең еңбектері туралы бүгінгі ұрпақ білсін деген ниетіміз. Газеттің мерейлі мерекесіне орай жыл соңына дейін «Жылнамаға айналған жылдар!» айдарымен «Социалды шаруа», «Социалистік шаруа, Социалистік шаруашылық», «Молшылық үшін» газеттерінің сарғайған беттерінен мақалалар жариялап отырамыз.

Бірлік түбі-Береке

Калинин атындағы колхоздың шаруашылығы нығайып, колхозшылардың мәдени тұрмыс межесі жылдан-жылға өсіп келеді.

КПСС XX съезінің тарихи күндерінен соң, колхоз өрлеудің даңғыл жолына колхозшылардың арасындағы еңбек тәртібін қалға қойды.

Коммунистік партияның XX ғасырдың СССР халық шаруашылығын өркендету жөнінде істелген шараларын еңбекті түсіндіру ісінде партияның да ролі күшті.

Мұнымен қатар коммунистердің өндірістегі авангардтық ролі арттырады.

Өндіру және еңбек ұйым жұмыстарының нәтижесінде колхоз егіннен мол өнім жинап мемлекетке астық жөніндегі тапсырманы асыра орындады. Ал, 9 айлық қорытынды да колхозшылардың әрбір еңбектеріне 3 килограмнан астық берілді.

Колхоз мал шаруашылығы саласында да елеулі табыстарға ие болды. Мал басын толықтыру ісі барлық түліктен асыра орныдады. Сондай-ақ мал өнімдерін өндіру жөніндегі тапсырмаларда асыра орындалды. Соның ішінде мемлекетке тапсырылған жүннен колхозға 600 мың сом табыс келтірілді. Колхоздың экономикалық қуаты артқан сайын, колхозшыларға да табыс мол бөлінуде. Биылғы жылы колхозшылардың әрбір еңбек күндеріне 4 сомнан ақша беруге ұйғарым жасалды.

Колхозда жан тәнімен еңбек етіп жүрген озат колхозшылар көп-ақ. Міне, солардың бірі-Коммунист Мұсабеков жолдас. Оның қорасындағы 150 сиырдың бірі де шығын болған емес. Мұсабековтің қорасындағы малдың күйі қазір де жақсы. Коммунистка Әбілқайырованың да табысы ешкімнен кейін емес. Ол, өзіне бекітіліп берілген әрбір сауынды сиырдан 1000 литрден сүт алып отыр.

Соңғы екі жылдың беделінде колхоздың орталығы адам танымастай өзгере бастады. «Аққолтық» дейтін жерге колхоздың поселкасын орналастыру белгіленіп, қазір бұл араға



200 колхозшы үй салды. Мұның барлығы да Ильич шамы және радио торабы орнатылған. Колхоз орталығында 250 орындық жаңа клуб бар. Қазір жеті жылдық мектептің үйі қалануда.

Колхозшылар мал қыстату жұмысына жәнелелесі жылдың егісіне даярлануда. Тау өлкесінен 16, құмнан 39 қора жөндеуден өткізілді. Қора даярлау, қора басына шөп жеткізу жұмыстары әлі де жүргізілуде.

Бірлік түбі-береке дегеніміз, міне-осы. Колхозшылар бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, бірлесіп еді колхоздың табысына-табыс қосылды.

**Ж.Ялиев,
ҚКП аудандық комитетінің
Созақ МТС аймағындағы
нұсқаушысы.
«Социалистік шаруашылық»
1956 жыл.**

Шошқаны күту жұмыстарын жақсартып берейік

Молотов атындағы колхозда шошқа фермасының ұйымдастырылғанына жылға да толған жоқ. Ферма алғаш ұйымдастырылған кезде мұнда үш-ақ торай әкелінген еді. Қазір аналығы мен торайларын қоса есептегенде шошқаның саны 24 басқа жеткізіліп отыр.

Биылғы жылы колхоз шошқа малына арнап бір жаңа қора салып оны пайдалануға берді. Қораның іші жылы, жемі жеткілікті. Күн сайын, шошқаларға картоп, арпа, жүгері беріліп тұрады.

«Октябрь» колхозында да шошқаның күйі жаман емес, жемі жетерлік. 6 мегежіннің бесеуі торайлағалы тұр.

Алайда «Октябрь» колхозында шошқаны күту жұмыстарында орын алған кемшіл сол-бір орталықта қора болмағандықтан 6 мегежін бөлек үйде бағылады. Мұның өзі

шошқа күтуші адамға ауыр тию-де.

Колхоз басқармасы шошқа шаруашылығы жөнінде қарап отырды деп айтуға да болмай-дыф. Рас, шошқа қоралау жөнінде ұйғарым шығарылып оның қабырғасын қалыптастырды.

Бірақ, осы қораның төбесін жаптырып пайдалануға беруге мүмкіндік бола тұрса да жұмыстары істелмеді.

**Ж.Жұманәлиев.
«Социалистік шаруашылық»
1956 жыл 23 желтоқсан. №90**

Конституция күніне

Нұрсәуле шапақ шашқан әділ заңым,
Жүректе саған деген жыр мен әнім.
Бөлеген зор бақытқа халқымызды,
Коммунистік партия, күнде жырым.

Сәулесі әділ заңның нұрын шашқан,
Құр емес Қазақстан әр табыстан.
Еңбекте миллиард пұт астық беріп,
Атандық Ленин орденді Қазақстан.

Бекайдар Мұқанов

Әділ заң

Бүгін Совет халқы ұлы Конституция күнін мерекелеп отыр. Бұл күнгі әрбір совет азаматы жаңа табыспен келуде. Менің жасым 60-тан асты. Осы уақыттың ішінде екі дәуірді көзіммен көрдім. Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өмірім қапалықта, ауыр қиыншылық жағдайда өтсе, қазір бақыттымын.

Советтік әділ заң оқып білім алуға, мәдениетті тұрмыс құруға, көңілді дем алуға жағдай жасады. Коммунистік партияның қамқорлығы арқасында совет азаматтары қатарында оқып білім алдым.

Қазір, денсаулығымның төмендеуіне байланысты пенсияға шықтым. Бұрын істеген еңбектерім және кәрілігім, денсаулығымның мүгедектігі ескеріліп, маған пенсия белгіленді. Қазір мемлекеттен ай сайын 620 сом пенсия алып тұрамын.

**3.Тұранов,
Еңбек мүгедегі.**

Қамқорлыққа бөлендік

Советтік конституцияның қабылдауына 20 жыл толды. Бұл дүние жүзіндегі ең әділ, ең демократияшыл конституция.

Қазақ халқының әйелдері бірнеше ғасыр бойы күндікте, құлдықта өмір сүріп келді. Совет конституциясының әділ заңы арқасында қазақ әйелдері бостандыққа ие болып, ер

кектермен тең праволы болды.

Солардың бірі мен бірқатар жылдан бері аудандық кітапхананың меңгерушісі болып істеп келемін. Барлық ынта-жігерін еңбекшілерге мәдениетті қызмет көрсетуге жұмсалуда.

**Ақбикеш Ыбжанова,
Аудандық кітапхананың
меңгерушісі.**

Ұлы күнге тартуымыз

Барлық совет халқы сияқты МТС-механизаторлары Конституция күні қарсаңында еңбек өрлеуін туғызды. МТС-інде істегеніме 23 жыл болды. Қолымнан келген көмегімді қоғамның игілігінен аяп қалғаным жоқ.

**«Социалистік шаруашылық» 5
декабрь 1956 жыл. №87**

Ардақтылар ауылдан шықпайды

Шу МТС аймағындағы колхоздарда қысқы жайылымға тиісті қоғамдық малдың барлығы да Мойынқұмға жеткізілді. Бірақ мұндағы, қысқа даярлық жұмыстары көңілге қонарлықтай емес. «Талапты» Киров атындағы, куйбышев атындағы колхоздардың даярлады деген құдықтары сапасыз жөнделген. Шыңырау құдықтарға шығыр орнатылмаған. Көп жағдайларда малшылар қойды иіріп қойып, өздері ссу тартумен әуреленеді. Сондай-ақ бұл колхоздарда қауға, арқан сияқты бұйымдарда жетіспейді.

Мал жағдайын білетін малшылар ең ары кеткенде 10-15 күнде қоныс аударып, өрісін жаңалап отыруы керек. Ал, кейбір жағдайларда көшіп қонуға көлік болмағандықтан шопандар бір қоныста ұзақ отырып қалуға мәжбүр болады.

Расын айту керек жоғарыда аталған кемшіліктер т жөнінде талапта қояды, не пайда, шопандардың тілегін ферма меңгерушілері ескерусіз қалдырады.

Шындығында келгенде ферма меңгерушілері мен мал мамандары қоғамдық малдың көпшілік жерінде болуға тиіс. Ал, Киров атындағы Куйбышев атындағы «Талапты» колхоздарының Қожамбердиев, Жүсіпов, Әзизаев, Әлібаев және Матенбаев сияқты ферма меңгерушілері мен зоотехниктері, мал дәрігерлері, малшылар арасында өте сирек болады. Бұлардың барлығының да үйі, семьясы колхоз орталығында тұрады. Сондықтан бұларда жылы үйден ұзап шыққысы келмейді. Мәселен, «Талапты» колхозын алайық. Мұндағы зоотехниктер мен мал дәрігерлерін қоса есептегенде олардың саны сегізге жетеді. Ал бұлар алыстағы жайылымда жүрген малшыларға жыл құсындай болып көрінеді де, сонан соң дерексіз кетеді.

Қоғамдық мал шаруашылығына күнбе-күн басшылық жасау үшін ферма меңгерушілері мен-мал мамандарының малшылармен бірге болуы жөн болар еді.

**Төлеген Момбеков,
Қызыл отау меңгерушісі.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев